



ТЕХНОЛОГИЯ • БІЛІМ • БОЛАШАҚ

TECHDAMU

Стартап: Инновацияның
ғылыми негіздері

№04

ШЫҒАРЫЛЫМ

2026

АЛМАТЫ



МАЗМҰНЫ

Стартап: Инновацияның ғылыми негіздері



01	Идеядан бизнеске 03
	Стартаптың алғашқы қадамдары

02	Әлемді өзгерткен DeepTech 04
	Қазақстандық ғалымдардың жетістігі

03	Алғашқы капитал 06
	Стартапты қаржыландырудың тиімді стратегиялары

04	2026 ЖЫЛҒЫ СТАРТАП ТРЕНДТЕРІ 07
	Болашақ экономиканың негізгі технологиялық трендтері



Идеядан бизнеске: Стартаптың алғашқы қадамдары

«Әлемдегі ең сәтті стартаптардың барлығы дерлік қарапайым идеядан басталған. Бірақ идея — бұл тек 1%, ал қалған 99% — оны жүзеге асыру (Execution). Егер сіздің ойыңызда керемет жоба болса, оны қалай қағаздан нақты бизнеске айналдыруға болады? Саяхатымызды алғашқы 4 негізгі қадамнан бастаймыз.»

01| ИДЕЯ ТЕСТІ

Өз жобаңызға сын көзбен қараңыз. Ол адамдардың қандай проблемасын шешеді? Нарықта бұл өнімге сұраныс бар ма?

02| БӘСЕКЕЛЕСТЕРДІ ТАНУ

Нарықты зерттеңіз. Басқалар жіберген қателікті қайталамау — сіздің басты артықшылығыңыз.

03| MVP(МИНИМАЛДЫ ӨНІМ)

Мінсіз өнімді күтпеңіз. Ең негізгі функциясы бар нұсқаны жасап, оны қолданушыларға ұсыныңыз.

04| АЛҒАШҚЫ КЛИЕНТТЕР

Маркетингті ерте бастаңыз. Алғашқы 100 тұтынушының пікірі өніміңізді бақылауға көмектеседі.

Стартап сөздігі

Питч (Pitch)- инвестор алдында жобаны 3 минутта қорғап, баурап алу өнері.

Бернрейт (Burn rate) — стартаптың табыс тапқанға дейін ай сайын жұмсайтын ақшасы.

Бутстрэппинг (Bootstrapping) — бұл бизнесті сыртқы инвесторсыз және несиесіз, тек өз қаражатыңыз бен алғашқы табысыңыз есебінен құру және дамыту әдісі.

Әлемді өзгерткен DeerTech

01 | HIGGSFIELD AI

Негізін қалаушылар:

Ерзат Дулат • Алекс Машрабов



2023 жылы қазақстандық инженерлер негізін қалаған Higgsfield AI мәтінді жоғары сапалы 3D бейнеге түрлендіретін генеративті жасанды интеллект платформасын әзірледі.

2025 жылы компанияның нарықтық бағалауы 1 млрд АҚШ долларынан асып, Қазақстандағы алғашқы Unicorn стартап мәртебесіне ие болды.

Жоба Кремний алқабының инвесторларының назарын аударып, әлемдік жасанды интеллект индустриясындағы ең қарқынды дамып келе жатқан платформалардың біріне айналды.






02 | CODIPLAY

Жанділ Мустафин және
EdTech/Robotics командасы.

Бағдарламалау, робототехника
және IoT бағытындағы STEM білімін
цифрлық платформа арқылы
қолжетімді етті.



Жоба бірнеше елдің білім беру
ұйымдарында енгізіліп,
қазақстандық EdTech
стартаптарының халықаралық
нарыққа шығуының жарқын
мысалына айналды.

Сайтқа сілтеме: <https://codiplay.com/>

03 | 1FIT

Мұрат Әлиханов және data-
инженерлер командасы.

Data Science негізінде құрылған
цифрлық экожүйе
пайдаланушыларға бір
жазылыммен жүздеген фитнес
клубына қолжетімділік береді.

Қазақстанда басталған стартап
бүгінде халықаралық нарықта
табысты дамып келеді.

Сайтқа сілтеме: <https://1fit.app/ru>



Алғашқы капитал

Стартапты қаржыландырудың тиімді стратегиялары

Идеяның табысқа айналуы қаржыландыру көздерін дұрыс таңдаудан басталады.

Bootstrapping

Компанияны сыртқы инвестициясыз, жеке қаражат пен алғашқы табыс есебінен дамыту моделі.

Angel Investor



Алғашқы кезеңдегі стартаптарға капитал мен тәжірибе ұсынатын жеке инвестор.

Venture Capital

Өсу әлеуеті жоғары технологиялық компанияларға инвестиция салатын кәсіби қорлар.

Accelerator & Grant

Менторлық қолдау, оқыту және гранттық қаржыландыру бағдарламалары.



Қызықты дерек

Әлемдегі инвестициялардың басым бөлігі жасанды интеллект және DeepTech стартаптарына бағытталады.

2026 ЖЫЛҒЫ СТАРТАП ТРЕНДТЕРІ

Болашақ экономиканың негізгі технологиялық трендтері

Технологиялық инновациялар әлемдік экономиканың негізгі қозғаушы күшіне айналды. Сарапшылардың пікірінше, алдағы онжылдықта ең қарқынды дамитын стартаптар жасанды интеллект, биотехнология, кванттық есептеу және тұрақты даму бағыттарында қалыптасады.

01

AI AGENTS


Тапсырмаларды орындайтын интеллектуалды көмекшілер.



02

BioTech

Генетика мен медицинадағы инновациялық шешімдер.



03

SpaceTech


Ғарыштық байланыс және спутниктік технологиялар.



04

Computing

Күрделі есептерді бірден жылдам шешетін есептеу жүйелері.



05

ClimateTech


Климат өзгерісін азайтатын экологиялық технологиялар.



06

Robotics

Қызмет көрсету саласында адамға көмектесетін роботтар.



TECHDAMU

Технология • Инновация • Болашақ

РЕДАКТОРЛАР

Молдажан Айдана
Абдіғаппар Мөлдір



WEB

<http://galym.org>



Email

galymorg@gmail.com



Instagram

@galym_org

№04

ШЫҒАРЫЛЫМ

2026

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАН